



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

- ✓ 10 наурызда жазба берілмейді
 - ✓ 31 наурыз
- Дт Төленуге тиіс дивидендтер 56 000
Кт Бөлінбеген пайда 56 000

Бөлінбеген пайда деп акционерлер арасында дивиденд ретінде бөлінбеген меншікті капиталдың бір бөлігін айтады. Төленген капиталмен бірге бөлінбеген пайда активтерді алу көзі болып табылады. «Бөлінбеген пайда» шотының қалдығы компанияның қызмет етіп жатқан барлық уақыты ішінде жинақталған таза пайдадан залалды, дивидендтер бойынша төлемдерді және шығарылған акционерлік капиталға реинвестицияланған пайданы шегергенде қалатын соманы білдіреді. Бөлінбеген пайда кәсіпорынның активі болып табылмайды және оның бар болуы пайда алынған операциялар бойынша кәсіпорын активтерінің ұлғайғандығын көрсетеді [3].

«Бөлінбеген пайда» шотында дебеттік қалдық та болуы мүмкін (бөлінбеген пайданың «дефициті», яғни жетіспеушілігі) де ол шаруашылық қызметтен алынған пайдадан залалдар мен төленген дивидендтердің басым болғанын білдіреді. Бөлінбеген пайданың «дефициті» баланстың «Меншікті капитал» бөлімінде бейнеленіп, капиталдың жалпы сомасынан шегеріледі.

Қортындылай келгенде, нормаланатын айналым қаражаты кәсіпорынның қаржы жоспарында (бизнес-жоспарында) көрсетіледі, ал нормаланбайтын айналым қаражаты іс жүзінде жоспарланбайтын объект болып табылмайтынын түсіндік. Сондай-ақ меншікті капитал ұйымның меншік иелерінің қаржыларынан құралады. Жарғылық капитал - сомасы кәсіпорынның жарғысымен анықталған бастапқы капиталы. Ол негізінен акцияларды сатудан түскен түсімнен немесе құрылтайшылардың салымдарынан құралады. Жарғылық капиталға бағытталған қаржы жаңа құрылған кәсіпорын қызметінің басталуын қамтамасыз етуі тиіс.

Әдебиет:

1. Назарова В.Л. Шаруашылық субъектісіндегі бухгалтерлік есеп. - Алматы, 2004
2. Алибекова Б.А., Нұрхалиева Д.М. Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына негізделген бухгалтерлік есеп принциптері. Оқу құралы, Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2006
3. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттары / [www. adilet.zan.kz](http://www.adilet.zan.kz)

УДК 657 65.052

НЕГІЗГІ ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ ЕСЕБІН ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ ҮШІН ҚЕХС БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРУ

Бекайдарова Диана Кеңесқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 5В050800- Есеп және аудит мамандығының 3 курс
студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б. Аленова

Қаржы құралдары - нарықта сатуға және сатып алуға болатын қаржы активтері мен пассивтері, жасалған капитал осы активтер мен пассивтер арқылы бөлінеді және қайта бөлінеді. Қаржы құралдары белгілі бір келісімшарттық өзара қатынастарды көрсететін немесе белгілі бір құқықтарды білдіретін заңи құжат болып табылады. Айналысқа түсетін, ұсынылатын құрал басқа тұлғаға сатуға немесе беруге арналған (чек, вексель, т. б.). Валюталық (бір ақша өлшемін екінші ақша өлшеміне айырбастау), пайыздық (тұрақты, өзгермелі немесе қайта қаралатын мөлшерлеме бойынша табыс әкелетін активтер), бағалық (акциялар, асыл металдар, шикізат, тауарлар) құралдар түрлеріне бөлінеді. Қаржы құралдары споттық (кассалық), мерзімді және опциондық (ұйымдастырылған, ұйымдастырылмаған)

нарықтарда айналысқа түседі. Қаржы нарығының дамуына байланысты қаржы құралдары жиыны жаңа құралдармен толығыуы мүмкін.

Қаржы құралы бұл- бір кәсіпорында қаржы активі пайда болатын және екіншісінде қаржы міндеттемелері немесе үлестік құрал пайда болатын кез-келген шарт. Негізгі қаржы құралдарға ақша құралдары, кәсіпорын салымшы ретінде болған кездегі талап етуге дейінгі салымдар мен жедел салымдар, мысалы банктік есепте, ұсталынып қалатын коммерциялық вексель, қарыздар, есептер мен вексельдер бойынша дебиторлық және несиелік берешек, облигациялар мен ұқсас қарыздық құралдар, конверсияланбайтын айырықша құқықтық акциялар мен кері сату құқығынсыз қарапайым және айрықша құқықтық акциялар жатады.

Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына арналған қаржы есептілігінің халықаралық стандартының 11- «Негізгі қаржы құралдары» бөліміне сәйкес кәсіпорын негізгі қаржы құралдары сияқты төмендегі қаржы құралдарын ескеруі қажет: ақша қаражаттарын, қарыздық құралдарын (дебиторлық немесе несиелік берешек, төлемге немесе алуға арналған вексель не дебиторлық берешек немесе қарыздар бойынша міндеттемелер сияқты, қарыз алу бойынша міндеттемелерді, ақша қаражаттарымен жүргізілмейтін нетто-есеп айырысу, конверсияланбайтын, айырықша құқықтық акциялар мен кері сату құқығынсыз акциялар немесе айырықша құқықтық акцияларға инвестициялар.

Кәсіпорынға құралдардың келісімдік ережелері таратылған жағдайда кәсіпорын қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемелерді тануы тиіс

Егер қаржылық актив немесе қаржылық міндеттемелер алғаш рет танылса, кәсіпорын мәмлелік бағасы бойынша оны бағалауды тек шарттар қаржыландыру жүйесінің мәні бойынша анықталмаған жағдайда жүргізу керек. Қаржыландыру операциясы тауарлар мен қызметтерді сатуға қатысты орын алуы мүмкін мысалы, егер төлемдер әдеттегіден тыс мерзімге қалдырылатын болса немесе нарықтық болып табылмайтын пайыздық мөлшерлемесі бойынша қаржыландырылатын. Егер шарт қаржыландыру операциясын анықтаса, онда кәсіпорын қаржылық актив немесе қаржылық міндеттемелерді ұқсас қарыздық құралдың нарықтық пайыздық мөлшерлемесі бойынша дисконтталған, келтірілген болашақ төлемдердің құны бойынша бағалауы тиіс.

Кәсіпорындарда қолданатын қаржылық активтерге мынадай мысал келтіре аламыз: басқа кәсіпорынға берілген ұзақ мерзімді қарыздарға арналған дебиторлық берешек сол кәсіпорыннан алынатын ақша қаражаттарының келтірілген сомасы бойынша танылатын болса, қысқа мерзімді несие бойынша сатып алушыларға сатылған тауарларға арналған дебиторлық берешек әдетте есепке арналған баға болып табылатын сол кәсіпорыннан алынатын ақша қаражаттарының дисконтталмаған сома бойынша танылатын болса, екі жылдық пайызсыз несиеде сатып алушыға сатылған тауарларға арналған дебиторлық берешек аталған тауарды қолма-қол есептесуге арналған ағымдағы бағасы бойынша танылатын болса, онда бұл қаржылық активке мысал бола алады. Қолма-қол есептесудің ағымдық бағасы белгісіз болса, онда ол ақша ағымдарының келтірілген құны сияқты ұқсас дебиторлық қарыз бойынша дисконтталған басым нарықтық пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы есептеледі. Егер банктен алынған қарызға арналған міндеттемелер банкке өтелетін ақшалай төлемдердің келтірілген құны бойынша алдымен танылатын болса, қысқа мерзімді несие бойынша жеткізіп берушіден сатып алынған тауарларға арналған несиелік берешек әдетте фактуралық баға болып табылатын жеткізіп берушіге төленген дисконтталмаған сома бойынша танылатын болса кәсіпорынның қаржылық міндеттемелеріне жатады. Әрбір есептік кезеңнің соңында кәсіпорын мұндай құралдарды сату кезінде немесе істен шығаруды ұйымдастыру кезінде шығара алатын мәмле бойынша жұмсалған қаражаттарды шегерусіз төмендегі тәсілдер арқылы қаржылық құралдарын амортизацияланған құн пайыздың тиімді мөлшерлемесінің әдісі бойынша бағалауы тиіс.

Қаржылық құралдарды бағалау әдістері тәуелсіз, жан-жақты, осындай операция жасауға ынтызар тараптар арасында бір ғана активке арналған жуырдағы нарық операциялары туралы ақпаратты пайдалануды қосады, басқа активтің ағымдағы әділ құнмен салыстыру, мұның негізгі сипаттамалары бағаланған активке ұқсайды, дисконтталған ақша

ағындарының және опционды бағалау үлгілерінің талдауы. Егер активтің бағасын анықтау үшін нарыққа қатысушылар кеңінен пайдаланатын бағалау әдісі бар болса, және бұл әдіс іс жүзінде нарық операцияларында алынған сенімді есеп айырысуларын ұсынғаны белгілі болса, онда кәсіпорын бұл әдісті қолданады.

Мына жағдайларда қаржылық активті тануды тоқтану танылады:

- келісімшарттарымен ескертілген қаржы ағынына құқық осы қаржы активтерінен шығады немесе толық көлемде жүзеге асады, немесе

- кәсіпорын қаржы активіне иелік етумен байланысты барлық маңызды тәуекелдер мен пайданы басқа тарапқа тапсырады;

- меншік құқыққа қатысты кейбір маңызды тәуекелдер мен пайдаларды сақтап отырғанына қарамастан, кәсіпорын осы активке бақылауды басқа тарапқа тапсырады және бұл тарап осы активті кез келген үшінші тарапқа біржола сатып жіберу мүмкіндігіне толығымен ие, және үшінші тарап мұндай тапсырылуда қосымша шектеулердің қажетінсіз біржақты ретте бұл мүмкіндікті пайдалана алады. Осыдан кейін міндетті активті тануды тоқтатуға, тапсырыс барысында пайда болған және сақталған барлық құқықтар мен міндеттемелерді жеке-жеке тануға.

1- мысал. 01.01.2012ж. «А» ЖШС «В» ЖШС-на 3 жылға 10 млн.теңге көлемінде қаржылай көмек (займ) көрсетті. Берілген көмек толықтай 31.12.14ж.

қайтарылуы тиіс. Қаржы құралына пайыздың нарықтық ставкасы 10%.

Займның ағымдағы құнын есептеу

Займның ағымдағы құны келесі формула бойынша есептеледі:

$PV = FV \cdot FPV(10\%, 3 \text{ жыл}),$ мұндағы

FV - n кезеңінен кейінгі инвестицияның болашақтағы құны,

PV – болашақтағы ақша ағымының ағымдағы (дисконтталған, келтірілген) құны

i – ондық бөлшек түріндегі проценттік ставка

n – пайызды есептеу кезеңділігі

$FPF(i, n) = 1/(1 + i)^n$ түрінде көрсетуге болатын бірізгілік соманың ағымдағы құнының факторы

Сонымен формуланың төмендегідей өзгертеміз:

$PV = FV / (1 + i)^n$

Ескерту: есептеу үшін арнайы дайын кестені қолдануға болады.

Есептелуі:

$PV = 10\,000\,000 \cdot 1/(1 + 0,1)^3$

$PV = 10\,000\,000 \cdot 0,7513148 = 7\,513\,148$ теңге

Сонымен, алынған (берілген) займның әділ құны 7 513 148 теңге. Осы көлемде қаржылық міндеттеме займ алушыда («В» ЖШС) және қаржылық актив займ берушіде («А» ЖШС) бастапқы танылады. Займ сомасы мен әділ құнының айырмашылығы ($10\,000\,000 - 7\,513\,148 = 2\,486\,852$) займ алушыда шығын, займ берушіде кіріс ретінде танылады.

2-мысал. (1-мысал жалғасы) «В» ЖШС үшін дисконтты амортизациялаутәртібі.

Займ алушы («В» ЖШС) дисконтты амортизациялау:

Жылдар	Сыйақы бойынша шығындар, теңге	Міндеттеменің баланстық құны, теңге
01.01.12г		7 513 148
31.12.2012	751 315	8 264 463
31.12.2013	826 446	9 090 909
31.12.2014	909 091	10 000 000

Есептеу:

Сыйақы бойынша шығындар $= 7\,513\,148 \cdot 10\% = 751\,315$ тенге.

Әр кезең соңына міндеттеменің баланстық құны дисконтты амортизациялау есебінен өседі. Өтеу мерзіміне міндеттеменің баланстық құны алынған займ сомасына (10 млн тенге) тең болады.

Егер кәсіпорын төлемдер мен түсімдердің есептік сомасын қайта қарастыратын болса, онда ол ақша ағындарының нақты және қайта қарастырылған есебін көрсету үшін қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттемелердің (немесе қаржы құралдары тобының) теңгерімдік құнын түзетуі тиіс. Кәсіпорын теңгерімдік құнды есептеу жолымен қайта санауы керек. Кәсіпорын қаржы құралы пайызының бастапқы тиімді мөлшерлемесі бойынша алдын ала болжанған болашақтағы ақша қаражаттары ағымының келтірілген құнын есептеу тәсілі арқылы теңгерімдік құнды қайта есептеуі тиіс. Кәсіпорын пайдалар немесе залалдар құрамындағы түзетулерді қайта қарастыру күніне кіріс немесе шығыс сияқты тануы тиіс.

Қазақстан Республикасының мемлекеті қаржы құралдары нарығын құру және оны одан әрі өрістеу мақсатында қажетті шараларды жасауда. Қазақстандағы меншікті мемлекет иелігінен алу және жекеменшіктендірудің Ұлттық бағдарламасы бағалы қағаздар нарығының негізгі элементтерін құру процесін жеделдетті. Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамдар түрінде қайта құру олардың инвестиция тартудың ең тиімді механизмдерінің бірі – акция шығаруды пайдалану мүмкіндігін ашты. Бағалы қағаздар нарығының механизмі экономиканың барлық субъектілеріне инвестиция көздерін алуға мүмкіндік жасайды. Акция шығару осы ресурстарды шектеусіз алуға мүмкіндік туғызса, ал облигация шығару ақша ресурстарын, оларды банктерден алудан гөрі, тиімді жағдайда алуға мүмкіндік береді. Мемлекет бюджет кемшілігін толтыру мақсатында да ақша белгілерін эмиссияламай, мемлекеттік бағалы қағаздар шығарумен айналысады. Қаржы құралдары кез келген мемлекеттің төлем айналымында маңызды орын алады, себебі олар арқылы мемлекеттің инвестициялық қызметі жүзеге асырылады. Дәлірек айтқанда, бұл күрделі қаржы тікелей халық шаруашылығының ең тиімді саласына жіберілді, яғни оларды нарық жүйесіндегі ең өміршең субъектілер ғана ала алады.

Қолданылған әдебиет

1. Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына арналған Қаржы есептілігінің халықаралық стандарты
2. Шағын және орта бизнес кәсіпорындарына арналған Қаржы есептілігінің халықаралық стандартының түсіндірмесі

УДК 504.06

АНАЛИЗ ЗАТРАТ НА ОХРАНУ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ В РК

Баймышева Анара Турлубековна

baimysheva@inbox.ru

Студентка группы УиА-22 экономического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Б.О. Турбекова

Охрана окружающей среды - одна из наиболее актуальных проблем современности.

Вопросы защиты окружающей среды стали одними из приоритетных и в Казахстане. Этому способствовало внедрение в жизнь Экологического кодекса, одобрение Президентом страны Концепции перехода Республики Казахстан к устойчивому развитию.

В настоящее время Казахстан столкнулся с проблемой серьезного ухудшения состояния природных ресурсов и окружающей среды по ряду экологических показателей.

Зонами экологического бедствия в РК по прежнему являются Аральский и Семипалатинский регионы, где произошли разрушения естественных экологических систем, деградация флоры и фауны и вследствие неблагоприятной экологической обстановки нанесен существенный вред здоровью населения. В настоящее время в регионах, прилегающих к бывшему Семипалатинскому полигону, отмечается высокий уровень онкологической заболеваемости и смертности населения, болезней системы